

ӘОЖ 87.81-5

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

Алпысбаев Рустам

a_rustam1993@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті, түркітану мамандығының
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Ж. Шарип

Ғылымның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға қадам баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау - ғылым жетістіктерін игерумен қатар, оның одан ары алға басуына үлкен мүмкіншіліктер туғызады. Дәл осындай жағдай қазақтың ұлттық ойындарының даму тарихына да қатынасы болса керек. Халықтың ұлттық және спорттық ойындарының да өзіндік тарихи даму жолдары, қалыптастыру кезеңдері, тәрбиелік маңызы - халықтың саяси әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болады.

Қазіргі кездегі тарих ғылымдарының дәлелдеуі бойынша күні бүгінге дейін бізге жеткен ұлттық ойындарының қалыптасу кезеңі сонау адамзат баласының жаратылған күнінен, демек қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Сонан бері біздерге жетіп, ойнап жүрген ұлт ойындарының ішіндегі әр түрлі құмалақ ойындары, бестас, асық, садақ ату, карагие, тағы басқалары шамамен алғанда 5000 жылдар бұрын ойналғандығы жайында деректер бар.

Сондай-ақ осыдан мың жыл бұрын жазылған Махмуд-әл Қашқаридың «Түбі бір түркі тілі» («Диван лұғат ат-Түрк») атты еңбегінде сол кездегі түркі халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, халқының орналасуы, тілдерінің ерекшелігі, т.б. толып жатқан өте бағалы мағлұматтар бар. Солардың ішінен ұлттық спортқа да қатысы бар деректерді табуға болады. Көрсетілген еңбектегі көне түркі заманындағы ойындар мен дене тәрбиесіне қатысы бар деген деректерді тере отырып, қазіргі ұлттық ойындардың пайда болуы, қалыптасуы, ойнау тәртібінің өзгеруі туралы маңызды мағлұматтарды саралауға мүмкіндік алдық.

Сонымен қатар ХІ ғасырдағы халық арасында кеңінен тараған ойындарда пайдаланылған құрал-жабдықтардың, оны талдану тәртібінің қазіргі уақытпен салыстырып онда аз өзгеріске ұшырағандығына көз жеткіздік. Тарих толқынында қаншама өзгерістер болғанымен, ұлттық ойындар, дене тәрбиесіне қатысты деректер аз өзгеріске ұшырағандығын байқадық. Біздің Махмуд-әл Қашқаридың сөздігіндегі ұлттық спортқа және дене тәрбиесіне қатысы бар деген деректерді берудегі мақсатымыз - ұлттық мәдениетіміздің дене тәрбиесіне қатысты саласының тарихы көнеден басталатындығын көрсету. Мәселен, көптен бері ұмыт болған ойын түрлерін қайта өмірге әкелу қажеттігін айтқымыз келеді. Мысалы, сол заманда ең көп

тараған «Шөген» ойыны (ат үстінде отырып допты қуалап ойнау), қазіргі кезде Еуропада «Поло» атымен кең тараған, ал өзімізде мүлдем ұмыт болған. Осы ойын түрін қайта жаңғыртса, атты байтау, ат үстінде шебер жүру, т.б. бреккеттердің Қазақстанда ат спортын дамытуға үлкен үлес қосатынын көрсеткіміз келеді. Төменде М.Қашқаридың аталған еңбегінде кездескен ұлттық спортқа қатысты біршама сөздерге тоқталайық: ел - аттың тағы бір сипаттағы атауы. Ат түріктердің қанаты болғандықтан, атты ел деп те атайды. Атбағарларды (ат бапкерлерін) ел басы дейтіні сондықтан; етеш - балалар жасырынын ойнайтын шұңқыр; оңлүк – садақ;

Сонымен, «ойын» ұғымына түсініктеме берсек — бұл адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс- әрекеттің бір түрі.

«Ойын» сөзі мағынасының түп-төркіні қуаныш, әзілге сәйкес келеді. Мысалы, Ежелгі Рим халықтарында «ойын» сөзінің мағынасы қуаныш, мереке сөздерінің мағынасымен ұштасып жатыр, еврей тілінде әзіл мен күлкіні білдіреді, ал қазақ тілінде жас баланың іс – әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды меңзейді. Бұл қазақ халқының мақал – мәтелдерінде анық байқалады. Мысалы, «Асық ойнаған – азар, доп ойнаған – тозар, кітап оқыған – озар» нақыл сөзінде ойын сөзі балалардың іс-әрекетін білдірсе, «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» мақалында ойын сөзі әзіл-қалжыңға сәйкес келеді. Ойынның пайда болу тарихын зерттеу мәселесі ұзақ жылдар бойы ғалымдардың басты назарында болды.

Өте ертедегі тұжырымда ойын адамдардың бос уақытына байланысты пайда болды деген пікір бар. Ежелгі уақытта ойынға діни-саяси жағынан мән берілді. Ежелгі гректер құдай ойынға қатысушыларды қорғайды деп ойлады. Сондықтан Ф.Шиллер ежелгі ойындар адамның бос уақытындағы қызметі деп тұжырымдады. Ежелгі Қытайда мерекелік ойындарды әмірші өзі ашып, оған өзі қатысқан.

Ойындардың шығу тарихына үңілсек, алдымен көз алдымызға шахмат және карта ойындары келеді. Көне Үнді елінде дүниеге келген, кейінірек бүкіл әлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын үйрету құралы болған. Шахмат ойынында патша (король), патшаның таңдаулы әскері (ферзь), атты әскер (ат), піл әскері (офицер), кеме әскері (ладья) және жаяу әскерлер бір-біріне соғыс жүргізеді. Бертінге дейінгі шахмат ойыны соғыс өнерін үйрететін бірден-бір құрал ретінде саналып келді. Тек XVII ғасырдан кейін ғана бұл ойын бүкілхалықтық сипат алып, өзінің бұрынғы кейпін жоғалтып, адамзаттың қисынды ойлауын дамытатын сүйікті ойын түріне айналды. Карта ойындарының қай ғасырда пайда болғанын ешкім дәл кесіп айта алмайды. Бұл ойын адамдардың тарихымен құрдас болып есептеледі.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуанытып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П.Пашин, Г.С.Запьяжский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. болды делінген.

Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан

болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған. Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады. М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады.

Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі. XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Аттракциондық-көрініс ойындар.

Ә.Диваев, А.Алекторов, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Гуннер, М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Болғымбаев, Ә.Бүркітбаев, И.Давыдов, Л.Былеева, В.Яковлев, Н.Поддьякова, Н.Михайленко, Д.Куклова, Д.Хухлаева, М.Контарович, М.Жұмабаев, Л.Михайлова, А.Быкова, Е.Мұхиддинов, А.Құралбекұлы, С.Әкімбайұлы, А.Айтпаева және т.б. ғалымдар еңбектерінде түркі тілдес халықтарының ұлттық ойындарын жан-жақты зерттеп, жік-жікке, топ-топқа бөліп қарастырған.

Белгілі ғалым-ағартушыларымыз А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин ұлттық ойындардың балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен атын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы.

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін, заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарының бірі — Мухтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: "Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жолында, өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған".

Қазақ халқының ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Қазақ халқының ұлт ойындары негізінен алғанда үш жүйеден тұрады: ойын-сауық, дене шынықтыру, спорт және ой шындау. Мәселен, өткенге көз жіберіп, шежіре жолдарына тереңірек үңілер болсақ, осындай ойын қатарына қазақша күрес жатады. Қазақша күрестің өсіп-өркендеу, даму жолдарының өзгеше, өзіндік сыр-сипаттары бар. Бір қызығы, әу бастан-ақ қазақтар той-домалақ думанда, басқа да халық мол жиналатын жиындарда балуандардың салмағын өлшеп жатпаған. Қарсыласыңа қарсы тұрарлық күш-қуатың бар ма, онда кілемге білек сыбанып шыға бер. Әрине, атан жілікті түйе балуандардың жөні бөлек, тұрпаты тым басқаша ғой.

Дегенмен, халықтық ұғым, нағыз бәсеке тұрғысынан балуандардың мықтылығы мен туматалант, алып күш иесі болуын салмаққа қарамай-ақ "күшті болсаң күресіп көр" деген тұжырымда кесіп-пішіп айтып тұрған тәрізді.

Былайша айтқанда кез-келген жарыс ережесіз болмайды. Ол әр халыққа әрқалай, өзіндік

ұлттық психологиясы, көзқарас тұжырымдарымен тізбектеліп, қалыптасқан.

Қазақ күресінің тарихы ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты. Балуандардың күш сынасуы ат жарысы, ақындар айтысы сияқты қазақ халқы өнерінің ажырамас бір бөлігі болып саналады. Қазақтар күш иесін «алып», «толағай», «балуан» деп атап, оны ерекше қасиет қонған адам ретінде таныған. Күрес — өнер, ол ұлттық мәдениетіміздің маңызды бір саласы болып табылады. Қазақтардың жыл он екі ай далада өмір кешіп, үнемі қозғалыста болу тірлігі, жас баладан бастап еңкейген кәріге дейін дене-күш дайындығына ерекше талап қойды. Қазақ елінде ат үстінде еркін отырудан бастап, садақ ату, күрес, жекпе-жек айла-тәсілдерін меңгеру ұл мен қызға бірдей қойылатын талап деңгейіне көтерілді.

Ежелгі сақтар дәуірінде де күрес өнерінің тәрбиелік мәні болғанын, адамды шыңдау міндетін атқарғанын айтуға болар еді. Бір қызығы, боз кілемде жігіттер ғана емес, қыздар да күш сынасқан екен. Көне грек жазушысы Клавдий Элиан "Сақ жігіті өзі ұнатқан қызға үйленгісі келсе, сол қызбен күресуге міндетті болған. Егер бұл белдесуде қыз жеңіске жетсе, онда жігіт соның қол астында қалып, бағынышты болады. Мықты, күшті жігіттердің ғана мерейі өсіп, билік жүргізген", - деп жазады.

Ал кіндік Азия елдерін шаралап, жиһангерлігімен аты шыққан итальян саяхатшысы Марко Поло да күрес өнері сақ елдерінде өркендеп, өсіп, әскери-қолданбалы жаттығудың бір түріне айналғанын және жігіттермен бірге қыздардың да күреске түсетінін айтып, тарих шежіресіне тіркелген.

Тағы бір саяхатшы, король Кастилий Генрих III-тің жіберген кісісі Рей Гонзалес Клавдихо өте-өте құнды деректерді келтіреді. Ол даңқты қолбасшысы Темірдің сарайында ең күшті балуандардың белбеуден ұстап күрескенін тамашалайды. Бұл 1403-1406 жылдар аралығы екенін ескерсек, белбеуден ұстап күресудің ережесі әлдеқайда ертеден бастау алғанына көз жеткіземіз.

Темір әміршінің белбеуден ұстап күресуге қатты назар аударып, көз тігіп қарап отыруы туралы тың тарих жылнамасының мәні біз үшін өте зор. Және атақты, ауыр айқастарда жеңіске жеткен балуандарға алтыннан, күмістен, баска да бағалы металдардан жасалған сыйлықтар, тарту –таралғылар беріліп отырған.

Тағы бір бағалы жаналық, атақты тарихшы Әбілқазы Бахадүрхан былай деп жазады: "Чурас деген бектің бірі айтты: "Осында бір күшті бар. Сол онымен күресіп көрсін. Егер ол оны жеңсе, мен мұсылман боламын. Моңғолдың күштісін алып келді. Шейх білекті түрінді. Әлгі балуан өте қарулы екен. Бірақ Шейх оны кеуде тұсынан қатты ұрып еді, моңғол есінен танып құлап жатты... Әмір Чурас жағдайды көргеннен соң мұсылман дініне енді. Бұл күні 160 мың адам мұсылман дінін қабылдады. Содан бері Шағатай ұлысында ислам мемлекеттік дін болып жария етілді". Діни – саяси мәнге ие болған күрестің құдіретін осыдан-ақ біле беріңіз. Ру, тайпа өкілдерінің даңқты балуандарын бүкіл қазақ білген. Содан бері казактың ұлттық спорты-күрес ешқашан тіршіліктен тыс қалмай, бірге жасасып келеді. Тарихи жазбаларда балуандық өнер туралы деректер өте көп. І. Жансүгіровтың "Құлагер" поэмасы мен Ғ. Мүсіреповтің "Ұлпан" романындағы балуандардың айқастары халықтың бауырынан бастау алған өнердің мәңгілік екенін дәлелдейтін бір ғана мысал. Батырлар жырларын парактасаңыздар да халықтың жекпе-жек өнеріне асыл мұра ретінде қарағанына күман келтірмейсіз.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойынының бірден-бір көп тарағаны — бәйге мен аламан бәйге (25-51 шақырым). Спорттың бұл түрінің өзгеше бір ерекшелігі сол — жарыс тек жазық жерлер мен ипподромдарда ғана өтіп қоймайды, спортшының өзі мен оның атына жоғары талап қойылатын ойлы-қырлы, жасанды, бөгесінді жерлерде де өткізіледі. Бір жағынан, бұлайша жарысты бұрын белгісіз, ойлы-қырлы жерлерде өткізу қазіргі заманғы ат спортының классикалық түріне жуықтайды. Бұл республиканың жергілікті халықтары арасында спорттың классикалық түрлерін кеңінен таратуға өзінің пайдасын тигізетіні сөзсіз. Әсіресе аламан бәйгенің спортшының тактикалық шеберлігін жетілдіруде маңызы орасан зор. Жарыста мықты да жылдам спортшылардың бәрі бірдей жеңе бермейді, мұнда кімде-кім жарысты жаттығу жағынан дұрыс құрып, жағдайды дұрыс бағалап, жарыстың барысында

атының күшін тиімді пайдаланса ғана жеңіске ие болады.

Жарыстың үлкен шаруашылық, тәрбиелік мәні де бар. Олай болатын себебі — жарысқа қосатын атты таңдап алып, оны баптап бәйгеге жаратуға дейінгі ұзақ мерзімге бәйге атына мініп шабатын бала үнемі басы-қасында болып, бапкермен бірге еңбек етеді. Бапкер бәйгеге шабатын атты ғана баптап қоймайды, оған мініп шабатын баланы да қоса әзірлейді. Бала бәйге атына берілетін жем-шөп, судың мөлшеріне дейін біледі, оның терін алудың, аттың артықшылығы неде, қандай қабілеті бар және жарыс үстінде оны қалай пайдалану керектігін бәйге атына мінетін бала жарыс басталмастан әлдеқайда бұрын қанығып, біліп алады. Бәйге осы күнге дейін өз маңызын жоймаған спорт түрі. Бұл күнде жарыс ұйымдастырғанда әр ауданның ерекшелігі есепке алынып, шабатын аралық белгіленеді. Атқа шабатын адамның жасы, салмағы бір-бірімен теңдес болып келеді. Бәйге аттарын белгілі жерге алып баратын адам ат айдаушы деп аталады. Ат айдайтын жерге жеткенде ат айдаушы оларды қатар тұрғызады да белгі береді. Жарыс басталады.

Бәйге мен аламан бәйге табандылыққа, батылдыққа, тапқырлыққа үйрететін ұлттық спорттың бағалы түрі болып табылады. Қазақстанда бұл сияқты тамаша спортты кеңінен таратуға барлық жағынан мүмкіншілік мол, республикамызда мініскер аттарды өсіретін арнаулы жылқы заводтары бар

Ат жарыс – көшпелі ортадағы үлкен жиын, ас, тойларда өткізілетін ат ойынының негізгі түрі, қауымның мәртебесі мен салтанаты сынға түсетін жарыс. Қазақы ортада аламан бәйгемен бірге тай, құнан, жорға жарысы өткізу үрдіске айналған. Ертеректе аламан бәйге күндік жерден салынатын болған. Ол үшін аттар таң сәреден айдалып, ат шабар бала сусын, айран-шалабын ала жүретін болған.

Қалыптасқан дағды бойынша, әрбір үлкен жарыс, той, астарда оны ұйымдастыратын арнайы топ алдын ала сайланады және оған әр рудан, атадан өкілдер енгізілген. Бәйге кезінде қарақұрық болмауы үшін білікті бірнеше адам жарыстың әділ өтуін қадағалайды. Сайыстың билігі сыйлы деген екі ақсақалға жүктеледі және оның бірі көмбеге, екіншісі мәреде міндетті жауапкершілігін атқарады. Тағайындалған адамдардың басшысы - кіреші бас төрешінің рөлін атқарған. Бәйге атын мінетін баланытшабар бала немесе шабандоз, сәйгүліктерді айдап, реттілікті сақтатып, мәреден жердей біркелкі жіберушіні ат айдауыш, ұстаушыларды даяғашы дейді. Жарыстың басталатын межесін ат жіберетін жер немесе мәре, ал жарыс аяқталатын, яғни ат ұсталатын межені көмбе деп атайды. Көмбеге ат тосуға ыңғайлы, айнала толық көрінетін биіктеу төбе, қырат, төскей жер таңдалады. Ат жарыс басталар алдында қолдарына, басына қызыл орамал байланған, бақан ұстаған, ат айдаушылар айқайлап, жар салады және мұны ат шығару деп атайды. Бәйгеге қосылатын аттар келіп тізіліп өткеннен кейін, бәйгеге жауап беруші төреші ақсақал қанша ат жиналғанын, бәйгеге тігілген сыйлық мөлшерін, бәйге қашықтығын т.б. хабарлайды. Сол жер көмбе, сөре деп белгіленіп оған қарақшы тәрізді етіп қарауыл тігіледі. Ат жиналып, есепке алынған кейін ат айдаушы барлық сәйгүлік аттарды жиналғандардың алдынан бастап ертіп өтеді. Бәйгенің басталар орнына аттарды шашау шығармай жайлап айдап апарады. Бұл үрдісті ат айдау деп атайды. Аламан бәйгелерде шабандоздар мәреге бәйгеден бір күн бұрын кешкі салқынмен жіберіледі. Олар жол-жөнекей аяқ суытып түстеніп, асықпай жетеді. Аттарды мәреге жеткен соң ат айдаушы шабандоздарды бір сызықтың бойына қатарластырады. Берілген белгіден кейін олар көмбеге қарай лап қойып, шаба жөнеледі.

XIX ғасырда орыс зерттеушілерінің жазуына ден қойсақ, аттар көмбеге шауып келгенше, күрес және т.б. ойын-сауық өткізіледі. Әлбетте, алыстан шаң көтерілген соң ат көмбеге жақындайтын шақта қауымның үлкендері арбада, қалғандары атты-жаяулы көмбеге жақын жиналып тамашалайды. Шауып келе жатқан аттың атшабар шабандозын руластары мен бапкерлері қиқулап дем беріп, ұран тастап айқайлап, егер алдын ала келісілген ережеде рұқсат етілсе атының жеңіске жетуіне жәрдемдеседі, яғни басып жетектеп, атпен тартып, мәреге сүйрейді. Н.И.Гродековтың жазуына қарағанда, көмбеге жеткен бала басындағы бөрігін, орамалын көмбеде тұрған төрешіге лақтырады. Ат үстіндегі бала қарауылдан өткенде әрқашан рудың ұранын шақырып атойлап өткен.

Сонымен халық жасаған мұралар сан алуан. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі буынға мирас етіп, іс-әрекет үстінде көзін қанықтыра беруден бастаған. Солардың бірі — ұлт ойындары. Халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйренудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімдік, тәрбиелік маңызы бар. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың ұлттық ойындары. Б.Төтенаев, Алматы, 1994 жыл
2. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Е.Сағындықов, Алматы «Рауан», 1994 жыл
3. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы мен дамуы, Шоңов Е.Ш., Тараз қаласы, 2015 жыл
4. Ашмарин Б.А. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі.- М.,1999.
5. Ашмарин Б.А. Дене тәрбиесіндегі педагогикалық ізденістің ілімі мен әдістемесі. -М., ФиС, 1978
6. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Рауан»1991ж
7. М. Болғамбаев «Қазақтың ұлттық спорт түрлері», «Қайнар»1998ж
8. Қобланов Ж. Күрес өнері.Шымкент 1993ж